

Қазақ сөзі

Астана, 2015

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің
тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді
дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған
бағдарламасы» аясында шығарылды*

Пікір жазғандар:

З.Ш.Ерназарова, филология ғылымдарының докторы, профессор;

Г.Ә.Мұсаева, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақ сөзі. Оқу-әдістемелік құрал. / Е.Тілешов, З.Әбдірахманова, Л.Есбосынова, А.Қожахмет, М.Дәрменова, М.Бақытқызы, М.Шіменбаева. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015. – 110 бет.

Бұл оқу-әдістемелік құрал қазақ тілінің күнделікті жиі қолданылатын лексикалық минимумына құрылған. Қарапайым лексикада аса маңызды орын алатын бұл сөздер тілдерді үйретудің халықаралық тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүрген әдістемелік қағидаттарға негізделініп алынды. Құрал оқытушыларға, әдіскерлерге, тіл үйренушілерге арналып дайындалды.



НҰСҚАУЛЫҚ





Тіл дегеніміз – белгілі бір сөздердің өзара тіркесу комбинациясы. Тілдегі сөздік қордың бірліктері кейде атау тұлғада тұрып, кейде түрленіп өзара байланысқа түсетіні де, әр тілдің табиғатына сай байланысу тәсілдері болатыны да белгілі. Сол сияқты әр тілдің грамматикалық заңдылықтары да әр алуан. Әлбетте, жалпы сөздік қордағы тілдік бірліктердің қолданылу жиілігі, соған орай олардың белсенділігі бірдей емес. Мұның тіл үйретуге тікелей қатысы бар. Қазіргі таңда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде үйретуде әлгіндей белсенді лексика толығымен айқындалмай жүр деуге болады. Бастапқыда қандай сөздерді үйрететінімізді іріктеп алмай, тіл үйрету деген сөз, ол барар бағытыңды, аялдар бекетінді болжамай сапарға шығумен бірдей сияқты. Дәл осындай жағдай тіл үйрету әдістемесін жетілдіре алмасы түсінікті. Сондықтан ширек ғасырдай уақыт қазақ тілін үйрету нәтиже бермей келсе, оған тіл саласында жүргендердің де «үлесі» бар деп ойлаймыз. Тіл үйренушінің күнделікті қарапайым қолданысына ең қажетті белсенді лексиканы таңдау сияқты маңызды бастаманы бірлесе атқарудың қамына кіріскен жөн дер едік.

Бұл аса маңызды жұмыстың негізі тікелей болмаса да 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада көрініс тапқан. Оның «Қазақ тілін оқытудың үздіксіз моделі» атты бағытында балабақша-мектеп-орта арнаулы оқу орны-жоғары оқу орны-жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық деп ұласатын тізбесінде тіл үйретудің жалпы мемлекеттік жүйесі қарастырылған. Өкінішке қарай осы мақсат та мемлекеттік тілге қатысты өзге де маңызды шаруалар сияқты орындалмай жатыр. Егер мемлекеттік бағдарламадағы осы бағыт орындалмайтын болса, онда елімізде тіл үйретуді жүйелеу әлі де қисапсыз сан жылдарға созыла бермек. Ол қоғамда қазақ тіліне қатысты жағымсыз үш мәселені қалыптастырады. *Біріншіден*, мемлекеттік тілді үйрету әдістемесінде жүйелілік сақталынбайды; *екіншіден*, тіл үйрету нәтиже бермейді; *үшіншіден*, қоғамдық ортадағы «қазақ тілі - қиын тіл, оқулықтары нашар, әдістемесі әлсіз» деген жаңсақ пікір көбеймесе, азаймайды.

Мемлекеттік бағдарламада қарастырылған тіл үйретудің жоғарыда айтылған тізбесінің әр бөлігі бойынша лексикалық минимумдар қабылдануы тиіс деп ойлаймыз. Қазіргі кезде біз алдымен ең болмаса қазақ тілін білмейтін азаматтар үшін бастапқы деңгейдің осындай қажетті минимумын дайындауымыз керек. Бұл қазіргі қалыптасқан жағдайда мектептің бастауыш сыныптарында, орта, жоғары оқу орындарының бірінші курсына және ересек адамдарға арналған тілдік курстардың бастапқы деңгейінде үйретілуі керек. Мұндай тәжірибе әлемде бар-



шылық. Айталық, Жапондарда «Дзёё кандзи», «Кейку кандзи» деген сияқты міндетті тілдік, иероглифтік міндетті минимумдары бар. Білуге тиісті тілдік минимумдарды бекіту Ресейде де қолға алынды. РФ Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі «Шетел тілі ретінде орыс тілін меңгерудің деңгейлері және оның талаптары» атты № 255 бұйрығы бұл елге сырттан келіп жұмыс істейтіндердің орыс тілін білуін міндеттейді. Осы бойынша олар 780 сөз білуі тиіс. Қазіргі халықаралық тәжірибеде, оның ішінде Қазақстанда да танымал болған ағылшын тілін меңгерудің американдық TOEFL және британдық IELTS жүйелері де белгілі бір тілдік минимумды білуді талап етеді. Атап айтқанда, осы екі танымал жүйе ауқымында 650-1000 сөзден тұратын мәтінді білу қажет.

Тіл үйретуде аса қажетті лексиканы таңдаудың ғылыми-әдістемелік дәстүрлері ХХ ғасырдың алғашқы жартысынан басталады екен. Мәселен, 1921 жылы «Teachers Word Book» атты сөздігінде Ф.Л. Торндайк ағылшын тілінің жиі кездесетін 10 мың сөзін 4 миллион сөздік қолданыстан тұратын әр алуан мәтіндерден жинақтаған екен. 1930 жылы ағылшын жазушысы әрі лингвисті Ч.К.Огден Лондон қаласында ағылшын тілінің негізгі лексикасын қамтыған «Dictionary of Basic English» атты сөздігін шығарады. Бұл сөздік 850 сөзді құраған. Автордың ойынша, осы сөздер қарапайым деңгейде тілдесуге жеткілікті екен. Бұл логикалық және философиялық қағидаттар негізінде құрылған сөздікке 200 нақты зат атауы, 400 жалпы атаулар, сынды білдіретін 150 сөз, автордың қолданысы бойынша «100 сөз - оператор» енгізілген. «100 сөз - оператор» ішіне 18 етістік және басқа сөз таптарының сөздері енгізіліпті. Бір қызығы, Ч.Огден сөздігін зерделеу мақсатында 1943 жылы сол кездегі Ұлыбритания Премьер-Министрі Уинстон Черчилль мен АҚШ Президенті Франклин Рузвельт арнайы комитет те құрыпты. Егер соғыс жағдайында қос империя басшылары осындай шараға барса, онда лексикалық минимумның тіл үйретудегі маңызының айрықша болғандығы. Ағылшын тілінің мамандары бұл сөздіктің бүгінде маңызын жоймағандығын жазып жүр. Бастапқы сөздік қорды қалыптастыруға бағытталған дәл осындай сөздіктер 1930 жылдардан бері әртүрлі авторлар тарапынан дайындалып келеді. Солардың ішіндегі аса танымал болған тәжірибелердің бірі – ағылшын тілін үйренуге арналған Эрих Вайс сөздігі. Ол ағылшын тілін үйрену үшін бастапқыда ең басты 107 сөз қажет деп есептейді. Оның пікірінше, осынша мөлшердегі сөз күнделікті ауызекі тілдің 50 пайызын қамтиды екен. Дегенмен, Ресейлік А.В. Петроченков өзінің Эрих Вайспен келіспейтінін айтып, ауызекі тілде қолданатын сөздердің 50 пайызын қамту үшін 135 сөз керек деп санайды. Оның «135 основных



слов английского языка» деген кітабы көрші елде үлкен сұранысқа ие. Сонымен бірге Ресей ғалымдары, әдіскерлері ағылшын тілімен бірге неміс, француз, итальян, жапон, қытай, корей, фин, португал және тағы басқа тілдерді үйренудің лексикалық минимумдары негізінде оқу құралдарын жарыққа шығарды. Осындай мақсатты һәм жүйелі жұмыс біздің елімізде де атқарылмағы керек. Әлбетте, тіл үйрету әдістемесінің өзіндік бағыттары, тәсілдері бар екендігі белгілі. Олардың қай-қайсы да өз орнында маңызды һәм қажетті. Солардың ішінде қазақ тілінің лексикалық минимумына құрылған бұл бағыт - қазақ тілін үйрету әдістемесін жетілдірудің басты бағыттарының бірі.

Ғалымдардың айтуынша, белгілі бір тілде ең қарапайым деңгейде сөйлеу үшін адамға 400-500 сөз білу қажет екен. Мәселен, 500 сөз дейік. Енді сөздік қоры аса мол қазақ тілінен осы көлемдегі сөзді қалай іріктеп аламыз соған келейік. Осы арада сөз іріктеудің қағидаттары жөнінде келісіп алғанымыз жөн. Енді осы қағидаттарға келейік.

Біріншіден, әрбір тіл өзінің семантикалық жағынан белсенді лексиканы қалыптастырады. Адам бір тілде сөйлеп ойын білдіру үшін соған орай сөздерді таңдайды. Яғни, сөздердің семантикалық мәні алдыңғы қатарға шығады. Мұны сөз таңдаудың семантикалық құндылық қағидаты делік.

Екіншіден, әрбір тілдің өз табиғатына сай тіркесу заңдылықтары болады, демек, бұл арада біз сөздердің өзара байланысу ретіне мән беруіміз керек. Оны сөздердің тіркесу қағидаты дейміз.

Үшіншіден, бастапқы деңгейде тіл үйретуде ауыспалы мағынадағы сөздердің, архаизмдердің, неологизмдердің, терминдердің, диалектілердің алынбағаны жөн. Яғни, баршаға, әсіресе, өзге тілді тіл үйренушіге біз номиналды мағынадағы сөздерді ұсынамыз. Осыны тура мағыналы сөздерді ғана таңдау қағидаты деп атаймыз.

Төртіншіден, белсенді лексика, әлбетте, күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын сөздерден тұрады. Мұны сөз қолданудың жиілік қағидаты деп атадық.

Бесіншіден, тілдің сөзжасамдық арсеналы да ескерілуі тиіс, өйткені әрбір тілдің сөзжасамдық ерекшеліктері бар. Мұны сөзжасам мүмкіндігі қағидаты деп атаған жөн.

Алтыншыдан, күнделікті өмірде адам әйтеуір бір ортада әрекет етеді, соған орай сөз таңдаудың тақырыптық қағидаты шығады.

Жетіншіден, тілдегі жекеленген сөздер тіркесуі және сөйлемге айналып қажетті ойды білдіруі үшін грамматикалық минимум да қажет. Сондықтан сөз іріктеуде грамматикалық қағидат та ескерілгені жөн. Біздің ойымызша, қазіргі таңда жоғарыда келтірілген қағидаттарға



сәйкес қазақ тілін үйретудің бастапқы деңгейіне арналған лексикалық минимумдарды анықтау қажеттілігі туындайды. Егер мұндай минимум анықталмаса, тілімізді үйретудің әдістемесі тиісті жолға қойылады деп айту қиын. Сондықтан қазақ тілін үйрету саласында еңбек етіп жүрген оқытушылар, әдіскерлер, ғалымдар осындай лексикалық минимумды айқындау бағытында ізденгендері жөн деп ойлаймыз. Ол үшін сала мамандарының өздері де, тіл үйренушілер де осы бастапқы минимумға енетін сөздердің тізбесін жасауы қажет. Жүздеген, тіпті мыңдаған адамдардан жиналған мұндай тізбе сараланып, сарапталып, қазақ тілінің ең белсенді қолданылатын алғашқы 100, 200, 500, 700, 900 сөзі тиянақталуы керек. Осы сөздерді қолданып оқу құралдары мен оқулықтар әзірленуі тиіс. Лексикалық минимумға енетін жекеленген сөздерден алдымен сөз тіркестері, сөйлемдер, содан соң мәтіндер дайындалуы қажет. Егер біз қазақ тілін үйренуді енді бастаған тыңдаушыға алғашқы 100 сөзден бастап, 700-900 сөзге дейін жүйелі үйрете алсақ, онда оларды ауызекі тілде еркін сөйлеу дағдысына жеткізе аламыз.

Лексикалық және грамматикалық бірліктердің сөйлеу әрекетіндегі тұрақтылығы, қайталанушылығы ол бірліктердің жиілігін қалыптастырады. Тіл үйрету барысында мұғалімдер мен әдіскерлер әр деңгейге тән осындай жиіліктің жүйесін оқу үдерісінде пайдалануы қажет. Бұл тіл мен сөйлеудің арасындағы өзіндік ерекшеліктерді аңғартуға үлкен мысал бола алмақ. Жалпы тілдік жүйе бар да, сөйлеу жүйесі бар. Өлгіндей жиілік - сөйлеу жүйесінің көрінісі. Осыдан сөйлеудің семантикалық жүйесі жасалмақ. Лексикалық минимум қалыптастыру барысында біз осыларға айрықша назар аударғанымыз жөн. Ол үшін ілгеріде аталған сөздер тізбесін жасаудың тәжірибелері жинақталуы қажет.

Тіл үйренушіге сол тілдің он мыңдаған, жүз мыңдаған сөздерінен бірнеше жүз, бірнеше мың сөз ғана іріктелініп алынып ұсынылады. Бұл - тіл үйретудегі ең алғашқы, ең маңызды әдістемелік әрекет. Яғни, мұғалім ең алдымен нені және қаншалықты көлемде ұсынуды біліп алуы қажет болса, екіншіден, сол көлемді қалай үйретуді түйсінуді керек. Осы екеуін жетік меңгерген адам ғана жақсы оқытушы, үздік әдіскер бола алады. Қазіргі кезеңде осындай лексикалық минимумдар анықталмағандықтан, күнделікті ауызекі тілде мүлдем қолданылмайтын немесе аса сирек қолданылатын сөздер оқулықтарымыз бен оқу құралдарымызда көптеп кездеседі. Лексикалық минимумға мән бермегендіктен де сол оқулықтыр мен оқу құралдарында қажетсіз грамматикалық материалдар, қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихына қатысты материалдар шамадан тыс кездесіп жатады. Бұл тіл үйренушінің күнделікті қажетті



лексикалық сұранысын ескермегендіктен туындайды. Біз міндетті лексикалық минимумды қалыптастыра алмасақ, қазақ тілін үйрету саласындағы олқылықтарға бұдан кейінгі уақыттарда да жол беретін боламыз. Сондықтан осыны болдырмау үшін төл әдістемемізді жүйелі арнаға бұратын уақыт келді.

Тілдің байлығы бар да, оның қызметі бар. Біз сол байлықтың белгілі бір мөлшерін ғана алып тіл үйренушіге ұсынамыз. Тіл үйренуші біз үйреткенді күнделікті өмірде қолдана алса, ол сол тілдің қызметін пайдалана алғаны. Егер оқытушылар мен әдіскерлер қазақ тілін үйретуде ең жиі қолданылатын бастапқы лексикалық минимумға баса назар аударып, оны күнделікті жұмыстарына негіз етсе, тіл үйретудің де сапалық деңгейі артар еді. Біз осы жобаны жүзеге асыруда ең алдымен ғалымдардың, әдіскерлердің, мұғалімдердің назарын осыған аударғымыз келді. Әрине, бұл әдістеме саласындағы бұрын белгісіз болып келген беймәлім мәселе емес. Біздің мақсатымызды белгіліні нақтылау, барды ұқсату деп ұғынған жөн. Күнделікті қажетті лексиканы әр сабақта оқытушылар да ұсынып жүргенін білеміз. Оған қоса, «ҚАЗТЕСТ» мамандары да лексикалық минимумдар дайындаған. Бұл жұмыс үстіміздегі жылы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен орыстілді мектептерге арналған кешен ауқымында да орындалыпты. Десек те, бұл жұмыстарды орындаған авторларға құрметпен қарай отырып, әр бастаманың өзіндік ерекшелігі болатындығын айта кеткіміз келеді.

Бұл жобаның негізгі мақсаты - қазақ тілін үйренушілерге ең қарапайым деңгейде білуге тиісті бастапқы сөздік қорды ұсыну. Осы арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады деп ойлаймыз:

- белсенді лексикаға тіл үйренушілердің жіті назарын аударады;
- тіл үйренудегі жүйелілікті қалыптастырады;
- тілді игерудің нәтижелі болуына бағыт береді;
- тек қажетті лексикалық бірліктерді меңгертеді;
- қазақ тілін үйрету әдістемесін жетілдіруге үлес қосады.

Әрине, әр бастаманың толықтырар тұстары боларын түсінеміз. Мұндай бастамашылық жұмыстар көпке ортақ, сондықтан бұл бағытта болашақта атқарылар жұмыстарға ғалымдардың, әдіскерлердің, мұғалімдердің атсалысқаны жөн.

Адам санасында жекеленген сөздер емес, өзіндік тілдік семантикалық жүйелер сақталады. Ең алдымен, біздің санамызда күнделікті ең жиі қолданатын сөздердің бастапқы қоры тұратыны белгілі. Оны «семантикалық ядро» деп атайық. Осы семантикалық ядроға сандаған ұғымдарды білдіретін сөздер жалғасады. Оны «семантикалық өріс» деп



атадық. Әлбетте, бұл -ұғынықты болу үшін алынған шартты атаулар. Ойымызды осы ұғымдардан өрістетсек, онда бұл жобаның ішкі құрылымы түсінікті болар еді. Атап айтқанда, қазақ тілін үйретудің ең қарапайым қолданыстағы сөздер ретінде семантикалық ядроға 137 сөз, семантикалық өріске 500 сөз енгізілді. Дәл осындай көлемді таңдауға ағылшын, француз және басқа тілдерді үйретудің әдістемелері әсер етті. Ғалымдардың айтуынша, 400-500 сөз білген адам сол тілде қарапайым ойын жеткізе алады екен. Осы лексикалық минимум бірліктерін таңдау, іріктеу барысында алынған 137 сөздің валенттілігі жоғары екені байқалады. Яғни, бұл сөздердің басқа сөздермен тіркесу мүмкіндіктері мол. Іріктелініп алынған осы сөздердің лексика-семантикалық мазмұнына келсек, онда мынадай көрсеткішті назарларыңызға ұсынамыз: зат есім – 31, сын есім – 11, сан есім – 10, есімдік – 25, етістік – 15, үстеу – 18, көмекші есімдер – 7, көмекші етістік – 1, шылау – 14, модаль сөз – 4, қыстырма сөз – 1. Осыдан ең жиі кездесетін белсенді сөздердің грамматикалық топтары жөнінен де ой қорытуға боларлық.

Бұл әдістемелік жобаның өзге еңбектерден ең басты айырмашылығы – әдістемелік қағидаттар негізінде сөздердің іріктелініп алынуымен байланысы десек, қазақ тілін оқыту әдістемесі тарихында дәл осындай мақсатты түрде лексикалық минимум мұқият таңдалынған жұмыстың жасалмағанын айтуға тиіспіз. Осы арада 137 сөздің де, 500 сөздің де қазақ және орыс тілдеріндегі сөздігі туралы да осыны ескерте кеткіміз келеді. Өйткені әртүрлі көлемдегі және мазмұндағы сөздіктерге енгізілген сөздер олардың күнделікті сөйлесімде маңыздылығын көрсете алмайды. Осыдан барып қазақ тілін оқыту әдістемесінде арнайы оқу сөздігін дайындау қажеттілігі туындайды. Бұл - халықаралық әдістемеде кездесетін тәжірибе. Мұндай оқу сөздіктері, осы тәжірибелер көрсетіп отырғандай, деңгейлер бойынша да, салалар бойынша да дайындалуы қажет. Оқу сөздіктерінде жекеленген сөздердің, сонымен бірге сөз тіркестерінің аудармасы беріледі және олардың мағыналық қатары да қоса ұсынылады. Бұл тіл үйрету сабақтарында негізгі оқулықпен бірге жүріп тіл үйренушілердің маңызды құралына айналады.

Қазақ тілінің ең жиі қолданылатын сөздерінен құрылғандықтан, «Қазақ сөзі» деп атау берілген бұл оқу-әдістемелік құрал өзінің мақсатына орай осы нұсқаулықтан, «тірек сөздер» деп аталынған 137 сөздің қазақша-орысша тізбесінен, осы сөздерден жасалған үлгі сөйлемдер мен сөз тіркестерінен, күнделікті өмірде жиі қолданылатын тақырыптарға жіктелген 500 сөзден, «үлгілер» деп ұсынылған өткен шақ, осы шақ, келер шақ тұлғаларындағы сөйлемдерден, тілек және қалауды білдіретін



сөйлемдерден, өте қажетті грамматикалық материалдан және адамның өмір сүру аясындағы негізгі орталарға құрылған мәтіндерден тұрады. Біздің ойымызша, осындай құрылым жобаның мақсатына сай келіп, тілдік білімді игеруге қолайлы болмақ. Атап айтқанда, бастапқы 137 сөз аудармасымен бірге жатталады, ал осы сөздердің негізіндегі үлгі сөйлемдер мен сөз тіркестері ол сөздерді қолдана білуге бейімдейді. Тақырыптық негізде ұсынылған ең жиі қолданылатын 500 сөз тіл үйренушінің қарапайым деңгейде нені білуге тиісті екенін аңғартады. Егер ғалымдар мен әдіскерлердің белгілі бір тілді ең қарапайым деңгейде игеруі үшін 500 сөз қажет болатынын айтып жүргенін ескерсек, онда қазақ тілін осы көлемде білу тіл үйренудің тиімділігін арттырады. Бұл сөздер адам, есімдік, тұрмыс, орта, табиғат, қимыл, қасиет, этикет, сан, байланыс сияқты тақырыптар аясында ұсынылып, лексикалық минимум қалыптастырудың жоғарыда айтылған қағидаттары негізінде жасалынды. Адамның күнделікті әрекеті мен ортасының ерекшеліктерін мұқият талдаудан таңдалынған сөздер үйренушінің тілді қарапайым деңгейде меңгеруіне негізделген. Құралда берілген шақ категорияларындағы сөйлемдер оның ойын қарапайым деңгейде жеткізе алуына және екінші сөйлеушінің сөзін түсінуіне мүмкіндік береді. Тілек және қалауды білдіретін сөйлемдердің берілуі де құралда осындай мақсатпен ұсынылды. Берілген мәтіндерді құрастыруда, ең алдымен, 137 сөздегі, одан соң 500 сөздегі лексикалық бірліктер алынды. Әдетте, біз танысып шыққан ағылшын және басқа тілдердің 100, 200, 300, 400, 500 сөздік үлгілерінде мұндай мәтіндер ұсыныла қоймайды. Белгілі бір тақырыпқа құрылған мәтіндерді меңгеру арқылы тіл үйренуші сол тақырып аясында өзінің ойын толық жеткізе алады. Сонымен қатар мәтіндер ұсынуындағы біздің негізгі мақсатымыз – үйренушінің тілдік дағдысын бекіту және дамыту.

Бұл еңбекті өзінің сипаты жағынан әрі нұсқаулық, әрі оқу құралы дегенді жөн көрдік. Себебі оның мазмұны мен құрылымы тіл үйренушілердің қолдануымен бірге оқытушыларға да қажет деп ұғындық. Осындай мақсаттан оның құрылымы қалыптасты. Алдымен күнделікті лексикада көп қолданылатын тірек сөздер және олармен жиі тіркеске түсетін сөздер сұрыпталып алынды. Осы сөздерді үйрену арқылы әрбір тіл үйренуші қазақ тілінің ең қарапайым лексикасымен танысады. Жеке сөздерден тіркес жасау, сөйлем құрау, одан шағын мәтіндерге бару арқылы ойын жеткізе алады. Себебі оған ұсынылған сөздер - қарапайым ойын беруге қажетті ең маңызды лексикалық бірліктер. Осы арада қарапайым лексикалық минимуммен бірге бастапқы грамматикалық



тұлғалардың да қажеттілігі туындайды. Сондықтан біз «Қазақ сөзінде» тиісті грамматикалық минимумды да бердік. Өйткені тіл үйренуші жеке сөздерді жаттап алғаннан кейін ойын толығырақ жеткізу үшін сол жеке сөздерден тіркестер, сөйлемдер жасай алу дағдысын игеруі тиіс. Дәл осы арада әр тілді үйретудің өзіндік ерекшеліктері айқын аңғарылады. Тіл үйретуде бастапқы лексикалық мазмұнды ұсыну жағынан ұқсастықтар байқалғанымен, грамматикаға келгенде әр тілдің табиғи ерекшелігі үлкен рөлге ие болады. Айталық, флективті тілдерге жататын герман тілдерін үйрету мен агглютинативті тілдерге жататын түркі тілдерін үйретуде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мұндай айырмашылықтар, негізінен, олардың грамматикалық құрылысына байланысты. Латынша «*agglutinatio*» деген сөз - «жабыстыру, желімдеу» дегенді білдіреді екен, яғни, бұл тілдерде қосымшалар жалғану арқылы мағына берудің рөлі үлкен. Латынша «*flectivus*» деген сөз - «икемді» дегенді білдіреді. Яғни, флективті тілдердің мағына беру тәсілі олардың құрылымының синтетикалық типте болуымен сабақтас. Сондықтан бұл тілдердегі сөз-жасам бірнеше мағына беретін флексиялардың, яғни, форманттардың көмегімен жүзеге асады. Бұл құралда қазақ тілінің осындай табиғаты ескеріліп, соған орай біз бастапқы 137 сөздің сөйлем құрау үлгілерін ұсындық. Онымен «Үлгілер» тарауынан таныса аласыздар. Осы үлгілердің тіл үйренуші үшін тиімділігі – олардың қарапайым сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Әр үлгінің жоғары жағына қолданылатын сөздердің тізбесі беріліп, одан соң өткен, осы, келер шақтардағы формалары орналастырылды. Әр үлгі үшін белгілі бір әрекетті білдіретін етістік сөз алынды. Мәселен, алу, оқу, келу, айту, білу деген сияқты. Ал оларға тіркесетін сөздер сырттан емес, осы оқу құралына енгізілген қазақ тілінің белсенді лексикасынан алынды. Мәтін құрастыруда да осы қағидаттың мықтап ескерілгенін айта кеткіміз келеді.

Оқу-әдістемелік құралға енгізілген 500 сөз арқылы қаншама ойды жеткізуге болатындығын аңғару қиынға соқпайды. Яғни, осының өзі тіл үйрету әдістемесіндегі сұрыпталған лексикалық минимумның маңыздылығын дәлелдейді. Мұндағы басты қағидат дұрыс таңдалған аз сөз арқылы да көптеген ойларды жеткізуге болатындығына көз жеткізеді. Философияның қағидасы бойынша үнемдеудің қай түрі болса да, түптің түбінде уақытты үнемдеуге әкелетіні түсінікті. Алдымен 137 сөзді, оған қажетті сөздерді қосып барлығы 500 сөзді жаттау тіл үйрену үшін аса қиын шаруа емес. Ал сол 500 сөзді қолданып күнделікті өмірдегі қаншама әрекетті білдіруге болатыны бұл бастаманың тіл үйренуші үшін қызғылықты болары сөзсіз. Егер осы 500 сөзді компьютермен



тізбектей терсек, онда ол А4 форматындағы 1,5 бетке сияды, бағанмен терсек, бірнеше бет қана болады екен. Үлкен көлем емес. Мәселе осы сөздерді қалай ұсынуда. Біз осы арада бұл оқу құралының әдеттегідей сабақтардан немесе оқу блоктарынан тұрмайтынын ескертеміз. Қазақ тілін оқытудың барлығы дерлік оқулықтар мен оқу құралдары тақырыптық, деңгейлік қағидатқа негізделген. Бұл дұрыс. Бірақ біз сол тақырыптар аясындағы, деңгейлер ауқымындағы қажетті сөздерді белгілі бір әдістемелік, ғылыми қағидаттар негізінде іріктеп алып жүрміз бе, әлде әйтеуір тиянақты таңдаусыз қамтып жүрміз бе деген сауалға жауап іздесек, онда оқулықтарымыз бен оқу құралдарымыз да сөз таңдаудың қағидаттары ескерілмейтініне көз жеткізер едік. Егер тілдің жеке сөздерден тұратынын аксиома деп түсінсек, онда тіл үйретудің ең басты өлшемі де, қағидаты да, ережесі де қажетті сөзді таңдау болмақ. Осы тұрғыдан келгенде бұл оқу құралының басты мақсатының бірі – ең алдымен, сала ғалымдарына, әдіскерлеріне, оқытушыларға ой салу. Егер осы оқу құралымен жіті танысқан әріптесіміз осы қағидатқа мән берсе, оны күнделікті жұмысында қолданысқа енгізсе, біздің сеніміміздің ақталғаны. Сол әріптестер оқу құралының жетіспей жатқан жақтарын да тауып, әділ ескертпе, шынайы сын айтып жатса, ондай әріптестерге алғысымызды білдіреміз. Бұл осы оқу құралын дайындаған авторлардың ғана бастамасы болып қалмауы керек. Оны жетілдіру, дамыту, әдістемедегі осы қағидатты жалпының ұстанымына айналдыру - қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі негізгі міндеттердің бірі. Сондықтан өзіміз байырғы да бай, бейнелі деп жиі айтатын тілімізді ана тілін білмейтін қандастарымызға, мемлекеттік тілді білмейтін отандастарымызға дұрыс, тиімді жолдармен үйрете алсақ, онда еңбегіміздің ақталғаны. Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамытудың қоғамдық-саяси жұмыс комитеті жанындағы Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы мамандары халықаралық тәжірибелерді саралау барысында осы жобаны қолға алған болатын. Оның нәтижесі қолдарыңызда, әріптестер. Онымен танысу, дұрысы мен бұрысына уақытылы пікір білдіру, біз мән берген осы әдістемелік бағыттың қазақ тілін үйрету саласындағы арнасын кеңейту ортақ мақсатымыз деп түсінеміз. Сондықтан әріптес ағайыннан орайлы пікірлер күтеміз.

Авторлар



Язык – это комбинация сочетания определенных слов. Известно, что единицы словарного запаса языков встречаются без изменений, иногда сочетаются, и в зависимости от природы языка связываются различными способами. У каждого языка свои грамматические закономерности. Конечно, частотность использования языковых единиц в общем словарном запасе, а также его активность не одинакова. Это напрямую зависит и с обучением языка. В настоящее время в обучении государственного языка не полностью была выявлена активная лексика. Обучение языку без выборки определенного количества слов можно сравнить с беспредельным путешествием без ориентира. Понятно, что такая ситуация не сможет развивать методику обучения языкам. Почти четверть вековое обучение не дало результата, и мы считаем, что в этом есть и «заслуга» лингвистов, методистов. Считаем, что пришло время взяться за важную инициативу выборки активной лексики для повседневного использования обучающимися. Основа данной работы хоть, и не напрямую, была заложена в государственной программе на 2011–2020 годы. В направлении «Непрерывная модель обучения казахскому языку» данной программы была рассмотрена общегосударственная система непрерывного обучения языкам по схеме детский сад – школа – среднее специальное учебное заведение – высшее учебное заведение – послевузовское обучение. К сожалению, эта цель, как многие значительные вопросы, связанные с государственным языком, не была достигнута. Пока не будет выполнено направление государственной программы, и систематизация методов и приемов обучения государственному языку будет затягиваться. Это формирует в обществе три отрицательные проблемы, связанные с казахским языком. *Во-первых*, не сохраняется системность в методике обучения государственному языку; *во-вторых*, обучение языкам не дает результата; *в-третьих*, в обществе складывается и увеличивается ошибочное мнение «казахский язык – трудный, плохие учебники, слабая методика». Считаем, что по каждому разделу непрерывной системы обучения языку, рассмотренного в государственной программе, необходимо принимать лексический минимум. В данное время мы должны в первую очередь подготовить необходимый минимум для слушателей начального уровня, т.е. для людей, не знающих казахский язык. Это в настоящее время должно вестись в начальных классах школ, на первых курсах среднего, высшего учебного заведения и на языковых курсах для взрослых. Такого опыта в мире достаточно. Например, в Японии есть обязательные языковые и обязательные иероглифные минимумы как «Дзёё кандзи», «Кейку кандзи».



Утверждение обязательных языковых минимумов вводят и в России. Приказ № 255 «Уровень освоения русского языка как иностранного и его требования» от 1 апреля 2014 года Министерства образования и науки РФ обязывает знать русский язык всех рабочих мигрантов. По этому приказу они должны знать 780 слов. В современной международной практике, в том числе известном и в Казахстане американской системе TOEFL и британской IELTS обучения английскому языку обязательно освоение определенного количества языкового минимума. В рамках этих известных систем необходимо освоение текстов в объеме 650–1000 слов. Научно-методические традиции выборки необходимой лексики обучения языкам берет свое начало с первой половины XX века. Например, в 1921 году в словаре «Teachers Word Book» Ф.Л.Торндайк сделал выборку 10 тысяч частотных слов из различных текстов с 4 миллионами словоупотреблениями. В 1930 году английский писатель и лингвист Ч.К.Огден в Лондоне выпустил словарь «Dictionary of Basic English» со словами, охватывающими основную лексику английского языка. В словаре было охвачено 850 слов. По мнению автора, данные слова достаточны для общения на простом уровне. В словаре с логическими и философскими принципами было наименование 200 конкретных вещей, 400 общих наименований, 150 прилагательных, по утверждению автора «100 слов-операторов». Среди «100 слов – операторов» 18 глаголов и других частей речи. Интересно то, что для исследования словаря Ч.Огден в 1943 году Премьер-Министр Великобритании Уинстон Черчилль и Президент США Франклин Рузвельт создали специальный комитет. Тот факт, что руководители двух империи во время мировой войны пошли на такой шаг, то это указывает на значимость освоения лексического минимума. Специалисты английского языка считают, что данный словарь по сей день не утратил свою значимость. Такие словари, направленные для формирования первоначального словарного фонда, выпускались различными авторами с 1930 года. Среди них особо известный и значимый – словарь для обучения английского языка Эриха Вайса. Изначально для освоения английского языка достаточно 107 слов считает автор. По его мнению, такое количество слов охватывает 50 процентов слов, необходимых для повседневного общения. Однако, российский ученый А.В. Петроченков не соглашается с Эрих Вайсом и считает что 50 процентов повседневного общения составляет 135 слов. Его книга «135 основных слов английского языка» пользуется огромным спросом в соседнем государстве. Российские ученые, методисты выпустили учебные пособия по изучению немецкого, французского, итальянского, японского, китай-



ского, корейского, финского, португальского и других языков на основе выборки лексического минимума. Такую огромную работу необходимо проделать и у нас. В методике обучения есть свои направления, приемы. Каждый из них важен и необходим. Среди них направление, построенное на выборке лексического минимума – одно из главных направлений в методике обучения казахского языка. По мнению ученых, для разговора на простом уровне в любом языке человеку достаточно 400–500 слов. Например, скажем, что 500 слов. Теперь что касается вопроса, как мы выбираем слова из большого количества казахских слов. Здесь мы должны договориться о принципах отбора слов. Остановимся на принципах. *Во-первых*, каждый язык формирует свою семантически активную лексику. Для разговора и передачи мысли человек выбирает определенное количество слов. Т.е. семантическое значение слов выходит на первый план. Это мы назвали принципом семантической ценности подбора слов. *Во-вторых*, у каждого языка есть свои закономерности сочетания, т.е., мы должны обратить внимание на порядок сочетания, связи. Это мы назвали принципом сочетания слов. *В-третьих*, важно на начальном этапе обучения языкам не брать слова в переносном значении, архаизмы, неологизмы, термины, диалекты. Для всех, особенно, для представителей других национальностей, предлагаем слова с номинальным значением. Это мы назвали принципом выбора слов в прямом значении. *В-четвертых*, активная лексика, в основном, в повседневной жизни состоит из слов используемых часто в повседневной жизни. Это мы назвали принципом частотности использования слов. *В-пятых*, необходимо учитывать словообразовательный арсенал, потому что у каждого языка есть свои словообразовательные особенности. Это нужно назвать принципом словообразовательной возможности. *В-шестых*, человек в повседневной жизни существует в определенной среде, поэтому вычленяется содержательный принцип отбора слов. *В-седьмых*, для выражения какой-то мысли, сочетания определенных слов, составления предложения необходим грамматический минимум. Поэтому в выборке слов нужен грамматический принцип. Опираясь на вышеперечисленные принципы отбора лексического минимума, нам нужно определить слова для начального уровня. Без определения лексического минимума тяжело поставить методику обучения казахского языка на нужное русло. Необходимо всем преподавателям, методистам, ученым вести работу по выборке лексического минимума. Для этого специалисты всех отраслей, обучающиеся должны составить список слов, необходимых для первоначального минимума. Такой список, составленный сотнями, тысячами



людьми необходимо проанализировать, и выделить первые 100, 200, 500, 700, 900 слов. Используя данные слова нужно подготовить учебные пособия и учебники. Из отдельных слов с лексического минимума изначально необходимо составить словосочетания, предложения, а затем тексты. Начав обучение для начинающих групп со 100 слов, и далее доводя до 700-900 слов, можно будет научить слушателей общаться свободно. Постоянство, повторяемость лексических и грамматических единиц во время общения формирует частотность данных единиц. Во время обучения преподаватели и методисты должны использовать систему частотности в учебном процессе. Это может быть отличным примером для определения особенностей между языком и разговором. Есть языковая система, и есть разговорная система. Эта частотность – вид разговорной системы. Отсюда формируется семантическая система разговора. Во время формирования лексического минимума необходимо обратить на это огромное внимание. Для этого необходимо собрать опыт отбора лексических минимумов. Обучающимся предлагаются отобранные в результате анализа слова. Это – самый первый, самый важный методический момент в обучении языку. Т.е. преподавателю необходимо знать, что и в каком объеме предложить, во-вторых, и каким образом, каким методом обучать. Освоивший человек эти два метода может стать хорошим преподавателем. В настоящее время лексический минимум не определен, поэтому в учебниках и учебных пособиях много слов, не используемых в повседневной жизни или редкие слова. В связи с тем, что на лексический минимум обращается мало внимания, в учебниках и учебных пособиях много ненужных грамматических материалов, материалы, связанные с традициями и обычаями, историей казахского народа. Если не сформируем лексический минимум, то и в дальнейшем будем допускать ошибки в методике обучения казахского языка. Обучающимся мы предлагаем определенную часть богатства языка. Если обучаемый будет использовать в повседневной жизни, значит он использует функцию языка. Если преподаватели и методисты во время обучения будут обращать внимание на отбор лексического минимума, в повседневной работе будут опираться на них, в результате повысится качественный уровень обучения. В осуществлении данного проекта особое внимание обращаем на преподавателей, ученых, методистов. Конечно это не новая методика. Наша цель уточнить, упорядочить, систематизировать известную методику. На каждом уроке учителя предлагают необходимую лексику. Также, специалисты «ҚАЗТЕСТА» подготавливали лексический минимум. Данная работа в текущем году была выполнена по заказу Ми-



нистерства образования и науки в рамках комплекса для русскоязычных школ. Главная цель данного проекта – предложение начального словарного фонда обучающимся в начальных группах. В результате можно достичь следующих результатов:

- обучающиеся будут особо обращать внимание на активную лексику;
- будет сформирована системность обучения языка;
- будут выявлены плодотворные направления изучения языка;
- будут усвоены только необходимые лексические единицы;
- внесет лепту в совершенствование методики обучения казахского языка.

В сознании человека остаются не отдельные слова, а языковые семантические системы. Самое главное в нашем сознании остаются слова, часто используемые в повседневной жизни. Его мы назовем «семантическим ядром». В это семантическое ядро входят слова, обозначающие различные значения. Его мы назвали «семантическим полем». Конечно, это условные названия. Развивая свою мысль, используя данные термины, будет более понятна внутренняя структура данного проекта. В семантическое ядро самых простых выражений казахского языка внесли 137 слов, в семантическое поле 500 слов. Методика обучения английского, французского и других языков послужил толчком для выбора такого объема слов. По мнению ученых, человек, знающий 400-500 слов может на простом уровне общаться, донести свою мысль. Валентность 137 слов, выбранных во время выборки, отбора очень высокая. Т.е. возможность сочетания данных слов с другими велика. Что касается лексико-семантического значения выбранных слов: имена существительные – 31, прилагательные – 11, числительные – 10, местоимения – 25, глаголы – 15, наречия – 18, служебные слова – 7, вспомогательный глагол – 1, союз – 14, модальные слова – 4, вводное слово – 1.

Самое главное отличие данного проекта от других работ выборка слов на основе методических принципов, в истории методики обучения казахского языка не было работы, связанной с выборкой лексического минимума. Казахско-русский словарь из 137 слов и из 500 слов также первая работа в данном направлении. Потому что слова из различных по объему и содержанию словарей не могут указать их значимость в повседневной жизни. Отсюда зародилась необходимость разработки специального учебного словаря для методики обучения казахского языка. Это – опыт из международной методики. Как показывают опыты, такие учебные словари необходимо разрабатывать по различным уровням и по различным отраслям. В учебных словарях предлагаются переводы



отдельных слов, а также словосочетаний и предлагаются содержательный ряд значений. Используясь вместе с основным учебником, данный словарь превращается в значительное пособие для обучающегося. В связи с тем, что данное учебно-методическое пособие состоит из часто используемых слов, он носит название «Казахское слово», состоит из данного пособия, казахско-русского списка 137 слов, под названием «опорные слова», из предложений и словосочетаний образцов, составленных из этих слов, из 500 слов составленных используемых часто в повседневной жизни, из предложений в прошедшем, настоящем, прошедшем временах, обозначенных как «образцы», из предложений пожеланий и выбора, самых необходимых грамматических материалов и текстов составленных для основных мест жизнедеятельности человека. Мы считаем, что данная структура соответствует цели проекта и удобна для освоения языка. Первоначальные 137 слов заучиваются вместе с переводом, а предложения и сочетания на основе данных слов приспособляют их для правильного и точного использования. Часто используемые на тематическом уровне 500 слов указывают обучающимся на что нужно обратить внимание при изучении языка на простом уровне. Учитывая тот факт, что ученые и методисты считают необходимым освоение 500 слов, то усвоение казахского языка на этом уровне будет повышаться. Данные слова были выбраны на основе вышеназванных принципов, а также в рамках тем про людей, местоимения, быта, места, природы, движения, качества, этикета, числа, связи. Слова выбранные в результате кропотливого анализа повседневного общения и среды человека основаны на освоение обучающимся простого уровня. Предложения в разных временных категориях, предложенные в данном пособии направлены на общение, понимание собеседника и передачу простых мыслей. Предложения просьбы также направлены на те же цели. Для составления предложений в первую очередь были использованы 137 лексических единиц, после этого 500 слов. В словарях образцах обучения английского и других языков такие тексты не предусмотрены. Путем освоения текстов, составленных на определенную тему, обучающийся может довести свои мысли в рамках того материала полностью. Главная цель предложенных текстов – утверждение и развитие языкового навыка обучающегося. Данный труд по своему содержанию мы относим и методическому руководству, и к учебному пособию. Потому что по его структуре и содержанию он предназначен не только обучающимся, но и преподавателю. Таким образом, была сформирована его структура. Вначале были отобраны опорные слова, используемые в повседневной



жизни и слова, часто сочетающиеся слова. Заучивая эти слова каждый обучающийся знакомится с простой лексикой казахского языка. Далее из отдельных слов он составляет сочетания, предложения, мини тексты и передает свои мысли. Потому что, предложенные слова – важные и необходимые лексические единицы, необходимые для передачи мыслей. Вместе с простым лексическим минимумом появляется необходимость использования грамматических минимумов. Поэтому в «Казахском слове» предложены и грамматические минимумы. Потому что обучающийся после заучивания отдельных слов должен освоить навыки строения словосочетаний, предложений. В это время проявляются особенности обучения различных языков. В предложении начального лексического минимума в обучении языкам есть сходства, а в грамматика разных языков отличается. Допустим в обучении флективным (например, германский) и агглютинативным (например, тюркский) языкам есть различия. Такие отличия, в основном связаны с их грамматическим строем. Латинское «*agglutinatio*» означает «прицеплять, приклеивать», т.е. в таких языках велика роль передачи значения слов путем прибавления окончаний. Латинское «*flexivus*» означает «склонный, способный» т.е. способ передачи значения слов схож с синтетическим типом. Поэтому словообразование в этих языках осуществляется при помощи многозначных флексии, формантов. В данном пособии была учтена природа казахского языка, связи с этим, мы предложили образцы составления предложений начальных 137 слов. С ними вы можете ознакомиться в разделе «Образцы». Выгодность данных образцов для обучающихся в формировании навыков простого общения. Вверху каждого образца дан список используемых слов, далее расположены формы в прошедшем, настоящем, будущем временах. Для каждого образца выбраны глаголы, указывающие различные действия. Например, глаголы брать, учить, придти, знать и т.д.. А слова, сочетающиеся с ними, были взяты не извне, а из активной лексики из данного учебного пособия. При составлении текста также необходимо придерживаться данного принципа. Не трудно догадаться, что 500 слов внесенных в данное учебное пособие несут огромную смысловую нагрузку. Это еще раз доказывает значимость выборки лексического минимума в методике обучения языкам. Здесь самый главный принцип показать, что при помощи малого количества слов можно передать огромное количество значений и выражений. Какой бы смысл не передавала бы экономия в философии, в конечном счете, этот метод приводит в экономии. Выучить вначале 137 слов, далее еще 500 слов для обучающегося не сложно. Дальнейшее использование 500 слов в повсед-



невной жизни, в различных жизненных ситуациях очень увлекательное действие. При наборе этих 500 слов на компьютере то он в формате А4 займет 1,5 страницы, а при наборе столбцом займет только несколько страниц. Объем, конечно, не велик. Проблема в подаче слов. Мы должны заметить, что данное пособие не состоит из традиционных занятий или учебных блоков. Почти все учебники и пособия по обучению казахскому языку основаны на содержательный, уровневый принцип. И это правильно. Если же зададимся вопросом, как мы выбираем слова в эти учебники, есть ли методическое, научное обоснование, тогда убедимся, что не всегда наш выбор оправдан, закономерен. Если считать аксиомой, то, что язык состоит из отдельных слов, то самым главным показателем, измерителем, принципом обучения языкам является подбор необходимых слов. Главная цель данного учебного пособия – заставить задуматься ученых, методистов, преподавателей. Коллеги, обратившие внимание на эти принципы, использующие в каждодневной работе, нашедшие недостатки в данном пособии, могут обратиться с пожеланиями, предложениями. Данная работа не должна быть инициативой авторского коллектива. Дальнейшее ее дополнение, развитие, превращение принципов пособия во всеобщую позицию – одна из основных задач методики обучения современного казахского языка. Поэтому нужно всем вместе направить все усилия для обучения казахского языка всеми желающими. Специалисты Республиканского координационно-методического центра развития языков имени Ш.Шаяхметова Комитета по развитию языков и общественно-политической работы Министерства культуры и спорта Республики Казахстан взяли за данный проект во время экспертизы, исследования международного опыта. Результаты анализов в ваших руках, уважаемые коллеги. Ознакомление с данным трудом, высказывание мнений и отзывов по поводу разработки, пособия, способствовало расширению сферы использования предложенной методики обучения казахского языка, является всеобщей целью. Поэтому, дорогие коллеги, ждем от вас мнений, отзывов.

Авторы



ТИРЕК СӨЗДЕР





№	ҚАЗАҚША	ОРЫСША
1.	адам (дар)	человек, люди
2.	аға	старший брат
3.	ай	месяц
4.	айту	сказать, говорить
5.	аз	мало
6.	алдында	впереди, перед
7.	алты	шесть
8.	алу	брать, взять, получать
9.	алыс	далеко, дальний, далекий
10.	ана	мать, мама
11.	апа	сестра
12.	апта	неделя
13.	артында	сзади
14.	астында	под, снизу
15.	ата	дедушка
16.	ата-ана	родители
17.	эже	бабушка
18.	эке	отец, папа
19.	эрине	конечно
20.	ба?	вопросительная частица
21.	бала	мальчик, ребенок
22.	бар	есть
23.	бару	идти, ехать
24.	басқа	другой, кроме
25.	бәрі	всё, все
26.	бе?	вопросительная частица
27.	беру	давать
28.	бес	пять
29.	бойы	в течение
30.	болу	быть
31.	біз	мы, нас
32.	білу	знать, узнать
33.	бір	один



34.	бірге	вместе, с
35.	бірдей	одинаково
36.	бірнеше	несколько
37.	бірінші	первый
38.	бұл	это, этот, эта
39.	бұрын	раньше
40.	бүгін	сегодня
41.	дәмді	вкусный
42.	дейін	до
43.	дос	друг
44.	дұрыс	правильный
45.	екен	оказывается
46.	екі	два
47.	емес	не (отрицательное значение)
48.	ерте	рано
49.	ертең	завтра
50.	ешкім	никто
51.	ешқашан	никогда
52.	ештеңе	ничего
53.	жақ	сторона
54.	жақсы	хорошо
55.	жақын	близко, близкий
56.	жанында	возле, около, рядом
57.	жаңа	новый
58.	жасау	делать, готовить
59.	жатыр	лежит
60.	жер	место, земля
61.	жеті	семь
62.	жоқ	нет
63.	жол	дорога, путь
64.	жұмыс	работа
65.	жүр	ходит
66.	жыл	год
67.	зат	вещь



68.	кейін	после
69.	келесі	следующий
70.	келу	приходить, приезжать
71.	керек	нужно; надо
72.	кеш	поздно
73.	кеше	вчера
74.	кешке	вечером
75.	көмек	помощь
76.	көп	много
77.	көру	видеть
78.	көше	улица
79.	күн	день
80.	күндіз	днем
81.	кім?	кто?
82.	кітап	книга
83.	кішкентай	маленький
84.	қазір	сейчас
85.	қайда?	куда? где?
86.	қайдан?	откуда?
87.	қандай?	какой(ая)?
88.	қанша?	сколько?
89.	қашан?	когда?
90.	қалай?	как?
91.	қыз	дочь, девушка, девочка
92.	қысқа	коротко, короткий
93.	ма?	вопросительная частица
94.	маған	мне
95.	ме?	вопросительная частица
96.	мектеп	школа
97.	мен (шылау)	и (союз)
98.	мен	я
99.	не?	что?
100.	немесе	или
101.	оған	ему (ей)



102.	ол	он (она)
103.	оқу	учиться, читать
104.	осы	это
105.	осында	тут
106.	отбасы	семья
107.	отыр	сидит
108.	өз	сам (сама)
109.	өте	очень
110.	саған	тебе
111.	сағат	часы, время
112.	сайын	каждый
113.	сегіз	восемь
114.	сен	ты
115.	сияқты	будто; кажется; как будто, как
116.	сыртында	снаружи
117.	сіз	вы
118.	су	вода
119.	сол	тот
120.	тағы	еще
121.	тамақ	еда
122.	таңертең	утром
123.	тоғыз	девять
124.	төрт	четыре
125.	туралы	про, о
126.	тұр	стоит
127.	түс	полдень
128.	уақыт	время
129.	үй	дом
130.	үлкен	большой
131.	үнемі	постоянно, всегда
132.	үстінде	сверху, на, над
133.	үш	три
134.	үшін	для, ради
135.	ұл	сын, мальчик



136.	ішу	пить
137.	ішінде	в, за, внутри



МЫСАЛДАР





Аа

Аға

Менің **ағам** кітапты көп оқиды. Мой **брат** много читает книгу.
Ағам туралы, ағам үшін, ағамның ұлы

Адам

Ол - өте жақсы **адам**. Он очень хороший **человек**.
Адамның жанында, бір адам, бірнеше адам.

Ай

Мен осы **айда** келемін. Я приду в этом **месяце**.
Бірнеше ай, ай сайын, келесі ай.

Айту

Сен оған дұрыс **айттың**. Ты ему правильно **сказал**.
Жақсы айту, үнемі айту, бүгін айту.

Алдында

Театрдың **алдында** үлкен фонтан тұр. **Перед** театром стоит большой фонтан.
Сенің алдында, алдында тұру, адамдардың алдында.

Алу

Үйден бір зат **алу** керек. Надо **взять** одну вещь из дома.
Бірге алу, бірдей алу, көмек алу

Алыс

Олар **алыс** жолдан келді. Они приехали из **дальней** дороги.
Алыс жол, бәрі алыс, өте алыс.

Ана

Мен **анам** үшін бәрін жасаймын. Я все сделаю ради своей **мамы**.
Менің анам, анам сияқты, ана болу.

Апа

Мен кеше сенің **апаңды** көрдім. Я вчера видел твою **сестру**
Апамның қызы, апам сияқты, апам біледі

Апта

Мен **апта** бойы ерте тұрдым. Я вставал рано в течении **недели**.
Апта сайын, осы апта, келесі апта.



Артында

*Біздің мектептің **артында** стадион бар. **Сзади** нашей школы есть стадион*

Үйдің артында, сенің артында, артында жоқ

Астында

*Біздің үйдің **астында** гараж бар. **Под** нашим дома есть гараж*
Жердің астында, астында бар.

Ата, әже

*Бүгін үйге **атам** мен **әжем** келеді. **Сегодня** домой придут **дедушка** и **бабушка**.*

Менің атам мен әжем, атам мен әжем сияқты

Ата-ана

*Сенің **ата-анаң** бүгін мектепке келе ме? Твои **родители** сегодня придут в школу?*

Менің ата-анам, ата-анаммен бірге, ата-анамның жанында.

Әә

Әке

*Мен оған **әкем** туралы айттым. Я рассказал ему о своем **отце**.*
Әкем сияқты, оның әкесі, әке болу.

Әрине

***Әрине**, мен сен үшін келемін. **Конечно**, я приду ради тебя*
Әрине барамын, әрине бар, әрине жоқ

Бб

Ба?

*Сен маған айтасың **ба**? Ты скажешь мне?*
Барасың ба? Боласың ба? Ұзын ба?

Бала

*Бұл **бала** бәрін біледі. Этот **мальчик** все знает.*
Жақсы бала, бес бала, қандай бала?

Бар

*Біздің үйдің жанында кинотеатр **бар**. Возле нашего дома **есть** кинотеатр.*

Уақыт бар, біреу бар, жұмыс бар.

Бару

*Қазір жұмысқа **бару** керек. Сейчас надо **идти** на работу.
Алысқа бару, бірге бару, үнемі бару.*

Басқа

*Менің досым **басқа** фирмада жұмыс жасайды. Мой друг работает в **другой** фирме.
Басқа уақыт, басқа жақ, басқа көше.*

Бәрі

*Кешке **бәрі** концертке барады. Вечером **все** пойдут на концерт.
